

ТДМБ компоненттері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көрініс тапқан: «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшуінің 2006-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, «Сапалы білім беру «Bilimdi Últ» ұлттық жобасы, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және басқалар.



Орта мектепте ТДМБ компонентін күшейту шеңберіндегі мүмкіндіктер

ТДМБ-ның құрамдас бөлігі «Сапалы білім беру «Bilimdi Últ» ұлттық жобасында көрініс тапты.

2-кестеде тұрақты даму мақсаттарының көпшілігі білім беру саласындағы өзекті міндеттер ретінде мемлекеттік білім беру жобасына енгізілгені көрсетілген:

1-міндет. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету

2-міндет. Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту

3-міндет. Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету

4-міндет. Қолжетімді және сапалы тегін техникалық және кәсіптік білім берумен қамтамасыз ету

5-міндет. Қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру

2-кесте. «Сапалы білім беру «Bilimdi Últ» ұлттық жобасындағы ТДМБ компоненттері

ТДМБ мақсаты	Құжаттың мазмұны	Индикаторлары
3-мақсат. Мықты денсаулық және әл-ауқат	3-міндет. Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету	Оқу үшін қолайлы жағдайлар мен орта құру: · Күндізгі мемлекеттік мектептердің жалпы санынан апатты және үш ауысымды мектептердің үлесі · Шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жаңғыртылған мектептер саны · Ауыз судың базалық көздерімен, бөлек минималды жабдықталған дәретханалармен және қол жууға арналған базалық құралдармен қамтамасыз етілген мектептердің үлесі · Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту

4-мақсат. Сапалы білім беру	1-міндет. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету 4-міндет. Қолжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету 5-міндет. Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру	Жалпыұлттық басымдық 3. Сапалы білім беру · қолжетімділікті қамтамасыз ету · сапаны арттыру
8-мақсат. Лайықты жұмыс және экономикалық өсу 9-мақсат. Индустрияландыру, инновация, инфрақұрылым	3-міндет. Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету	Оқу үшін қолайлы жағдайлар мен орта құру: · Күндізгі мемлекеттік мектептердің жалпы санынан апатты және үш ауысымды мектептердің үлесі · Физика, химия, биология, STEAM пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етілген негізгі және орта мектептердің үлесі · Шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жаңғыртылған мектептер саны · Ауыз судың базалық көздерімен, бөлек минималды жабдықталған дәретханалармен және қол жууға арналған базалық құралдармен қамтамасыз етілген мектептердің үлесі · Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту

8-мақсат. Лайықты жұмыс және экономикалық өсу 9-мақсат. Индустрияландыру, инновация, инфрақұрылым 12-мақсат. Жауапты тұтыну және өндіріс	2-міндет. Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту (PISA)	Білім беруді басқару мен қаржыландырудың тиімділігін арттыру: · Білім беру саласы бойынша негізгі капиталға инвестициялар · Білім беру объектілерін салу (кеңейту) / ашу есебінен құрылған жұмыс орындарының саны · Ауылдық жерге жұмысқа келген бастауыш сыныптардың, ЕМН пәндерінің және тілдік пәндердің жас педагогтерінің үлесі Цифрлық экономика үшін адами капиталды дамыту · «Басшы-көшбасшы» және «басшы-менеджер» біліктілік санаттары бар мектеп басшыларының үлесі. · Балаларды қосымша біліммен қамту · Физика, химия, биология, STEAM пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етілген негізгі және орта мектептердің үлесі · Шағын қалаларда, аудан орталықтарында және ауылдарда жаңғыртылған мектептер саны
---	--	---

12 Тұрақты даму мақсаттары қазақстандық орта білім беру стандартының мазмұнында өзектендірілді

- Тікелей интеграция: тұрақты дамудың 9 мақсаты
- Жанама интеграция: тұрақты дамудың 5 мақсаты:
 - 1-мақсат. Кедейлікті жою
 - 2-мақсат. Аштықты жою
 - 5-мақсат. Гендерлік теңдік
 - 6-мақсат. Таза су және санитария

○ 7-мақсат. Арзан және таза энергия

Тұрақты даму мақсаттары «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Биология», «Химия», «География», «Өзін-өзі тану», «Дүниетану», «Жаратылыстану», тілдік пәндер және т.б. оқу пәндері бағдарламаларының мазмұнына тікелей немесе жанама түрде кіріктіріледі.

Қазақстандық орта білім берудің мазмұнын жетілдіру шеңберінде ТДМБ компонентінің 1-ден 11-сыныпқа дейінгі мектептегі оқу процесіне кіріктірілуін барынша қамтамасыз ету маңызды.

ТДМБ компонентін білім беруге интеграциялау бағыттары:

1. оқу процесі (оқу бағдарламалары)
2. тәрбиелік компонент
3. әдістемелік материалдар
4. педагог кадрларды қайта даярлау курстары

Тұрақты даму теориясы мен әдіснамасының негізгі ережелерін түсіну маңызды; орта мектеп деңгейінде тұрақты дамудың көрсеткіштері мен динамикасын модельдеуге және бағалауға қабілетті болу.

Өртүрлі пәндердің мазмұнына тұрақты даму мазмұнын педагог өз бетінше қосуына болады, өйткені экологиялық, әлеуметтік, құқықтық сипаттағы мазмұн 1-ден 11-сыныпқа дейінгі мектеп пәндеріндегі көптеген түрлі тақырыптар бойынша синхрондалады.

Тұрақты даму мақсаттары «Ф»изика», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Биология», «Химия», «География», «Дүниетану», «Жаратылыстану», тілдік пәндер, «Математика» және басқа да оқу пәндері бағдарламаларының мазмұнына тікелей немесе жанама түрде кіріктіріледі (3-кесте).

3-кесте. «Математика» оқу бағдарламасының мазмұнына ТДМБ компонентін кіріктіру (1-4-сыныптар)

Оқу пәнінің атауы			Математика		
ТДМ компоненті					
Оқыту мақсаттары					
Сыныптар / бөлімшелер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	ТДМ кіріктіру бойынша ұсынымдар
5-бөлім					
Математикалық моделдеу					
5.1 Міндеттер мен математикалық модель	1.5.1.1. Мәтіннің (ТДМ-ға бағдарланған) мәнін талдау, синтездеу-тірек сөздер бойынша қысқаша жазба жасау	2.5.1.1. Қажетті алгоритмге сәйкес әрекеттерді модельдеу, алгоритм бойынша математикалық әрекеттерді таңдау	3.5.1.1. Қарапайым мәтіндік тапсырмаларды күрделі және әртүрлі түрлендіру (ТДМБ туралы мәтіндер мазмұны)	4.5.1.1. Қажетті алгоритмге сәйкес әрекеттерді модельдеу, алгоритм бойынша математикалық әрекеттерді таңдау (бір өрнекпен шешу арқылы есептің синтезін жеделдету)	Мәтіндік және семантикалық есептер (ТДМ) Иллюстрациялық сүйемелдеу, мәтіндік тапсырма құрылымы бойынша жадынамалар, бірыңғай схемалар, тірек-сигналдық карточкалар, бейнематериал